WWW.AZRETSULTAN.KZ MUSEUMAZRETSULTAN MUZEI_AZRETSULTAN

ЯСАУИ МҰРАСЫ

Республикалық мәдени-танымдық газеті **№5** (43) **мамыр** 2021 жыл *Газет 2016 жылғы 14 қазаннан бастап шыға бастады*

18 МАМЫР – ХАЛЫҚАРАЛЫҚ МУЗЕЙ КҮНІ!

МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ СПОРТ МИНИСТРІ АҚТОТЫ РАЙЫМҚҰЛОВА МУЗЕЙ ІСІНІҢ МАМАНДАРЫН 18 МАМЫР – ХАЛЫҚАРАЛЫҚ МУЗЕЙ КҮНІМЕН ҚҰТТЫҚТАДЫ

«Құрметті музей ісінің мамандары!

Сіздерді 18 мамыр Халықаралық музей күнімен шын жүректен құттықтаймын!

Музей – кешегі тарихты бүгінгі күнмен байланыстырып, оны кейінгі ұрпаққа ұлықтайтын, сынаптай сырғыған уақытты пайдалы өткізуге, таным көкжиегін кеңейтуге мүмкіндік беретін әмбебеп орталық. Әр музей өз алдына боояуы қанық, айтар ойы анық өзгеше бір әлем.

Бар ғылымның жетістігін баяндайтын және тарих тағлымымен таныстыратын мәдени орда ұрпақ жалғастығы мен әлем халықтарын әріптестікке бастайтын алтын көпір атанып үлгерді. Осы орайда музейлер туризммен біте қайнасып, демалыстың ажырамас бөлігіне айналғаны бұл саланың қызметін жаңа бағытта жалғастыруға жол ашады.

Бүгінгі орайлы сәтті пайдалана отырып, қордағы материалдарды тіркейтін, экспонаттарды сақтау мен оларды халыққа таныстыруға дейінгі көзге көрінбейтін жұмыстың бәрін істейтін сала қызметкерлерінің ұшан-теңіз еңбегіне алғыс айтамын.

Алдағы уақытта да бірнеше дәуірдің тарихын, этнографиясын, тарихи тұлғаларын, өнерін жинақы түрде ұсынатын, жинақталған мұраны ғылыми айналымға енгізетін институттың қызметі жанданып, келушілерінің қатары қалың болсын!», деп жазылған құттықтау хатында.

МУЗЕЙ – КЕШЕГІ МЕН БҮГІНГІНІҢ АРАСЫН ЖАЛҒАЙТЫН АЛТЫН КӨПІР

Музей, (грек тілінде museion – муза сарайы) – тарихи-ғылыми дерек ретіндегі ескерткіштерді, өнер туындыларын, мәдени құндылықтарды, т.б. мұраларды сақтап, жинақтап, ғылыми-танымдық қызмет атқаратын мекеме. Музей заттық және рухани құндылықтарды танытуда, ғылыми тұрғыда зерттеп, оның нәтижелерін насихаттауда, осы негізде тәлім-тәрбие беруде маңызды рөл атқарады. Музейлер алғашында бағалы бұйымдар мен заттар, мәдени жәдігерлерді сақтайтын қазыналық қор ретінде қалыптасты.

Музейдің даму ісіне көне замандардағы коллекциялар негіз болды. Ежелгі Рим шешені Марк Туллий Цицерон: «коллекция – шашыранды заттарды бір топқа біріктіру» деп түсіндірді. Коллекциялау ісімен Аристотель, Рим патшасы Юлий Цезар т.б. айналысты. Еуропада тарихи мұражайлар XVI-XVIII ғасырларда пайда болды. Музей ұлттық сана сезімді оятуға, мәдениасаяси идеяларды (ой-сезімді) насихаттауға көмектесті. 1820 жылы Германияда өнер музейлері құрылды. 1811 жылы Ресейде – Феодосияда, 1825 жылы Одессада, 1828 жылы Керчьте археологиялық бағыттағы және әскери тарихи музейлер құрылды.

XIX ғасырда этнографиялық зерттеулердің дамуы нәтижесінде этнографиялық музейлер ашылып, олар ғылыми зерттеу орталықтарына айналды. Олар: Будапешт (1872), Стокгольм (1874), Париж (халықтану музейі, 1877), Роттердам (1883) қалаларында қоныс тепкен этнографиялық музейлер. Ашық аспан астындағы алғашқы этнографиялық музейлер Скансенде (Стокгольм, 1891), қасиетті Мартинде (Словакия, 1893), Софияда (1893) Брюссельде (1897), Краковта (1910), Арнхемде (Нидерланд, 1912) құрылып, ірі ғылыми ізденістермен айналысты. Түрлері және қызметі бойынша музей негізгі бағыты тұрғысынан бірнеше топтарға бөлінеді: тарихи музейлер (жалпы тарих, археологиялық, антроп ологиялық, этнографиялық, нумис матикалық, т.б.), көркемөнер музейі (көркемөнер, мүсін, қолөнер, қолд анбалы өнер, театр, музыка кино т.б. музейлер), «жаратылыстану музейлері» (биологиялық, зоологиялық, геологиялық, минералдық, палеонтологиялық т.б), техникалық музейлері (авиация, автокөлік, кеме жасау, таукен ісі, өнеркәсіп, өндіріс өнімдері, т.б.), «кешенді музей» (тарих, шаруашылық, жаратылыстану, т.б. бағыттарды біріктіріп, жұмыс істейтін кең профильді өлкетану музейі), мемориалдық музей (мемлекетке, өнерге, әдебиетке ғылымға еңбегі сіңген белгілі адамдардың жеке өнері мен қызметіне арналған музей).

Музей ісінің негізгі бағыттары – мұраларды (жәдігерлерді) жинау, есепке алу, сақтау, қорларды жүйелеу, қайта қалпына келтіру (рес товрация), консервациялау, зерттеу нәтижелерін ақпарат жүйелерінде тарату, музейлердің кадрлық жүйесін жетілдіру.

Музей жұмыстарын ұйымдастыру түрлеріне: көрмелер, экспозициялар ұйымдастыру, тақырыптық дәрістер, ғылыми-практикалық конференциялар өткізу, музейде басылымдар шығару, т.б. жатады. Мысалы, Қазақстан музейлерінде кейінгі жылдары 20 мыңнан астам көрмелер мен дәрістер өткізілді. Қазақстандағы музей тарихы мұражайлардың қор жинақтау жұмысында далалық экспед., ғылыми институттармен бірлескен жұмыстардың нәтижелері кеңінен қолданылады. Қазақстанда мұражай тарихы 1830 жылдан басталады.

Орынборда жергілікті халықтың тарихы мен этнографиясын сипаттайтын мұралар негізінде 1831 жылы Неплюев әскери училищесі жанынан губернялық мұражай ашылды. Бұл мұралар қазіргі таңда Қазақстан Орталық Мемлекеттік музейінің негізгі қорын құрауда. Қазақстанда 1913 жылы – 3, 1927 жылы – 6, 1937 жылы – 19, 1939 жылы – 25, 1970 жылы 29 музей болса, қазіргі таңда музей саны 154-ке жетті. Оңтүстік мемлекеттік музей (1830), Ә.Қастеев атындағы республикалық өнер музейі (1935) Президенттік мәдени орталық (2000), Мемлекеттік алтын және асыл металдар музейі (1994), Қазақстан ҰҒА Археология музейі (1973), Ұлттық валюта музейі (1993), Кітап музейі (1978), Ықылас атындағы республикалық халық саз аспаптар музейі (1980), «М.Әуезов үйі» ғылыми орталық музейі (1962), т.б.

Мемориалдық музейлер де Қазақстанның тарихимәдени рухани өмірінде маңызды рөл атқаруда. Олардың ірілері: Абайдың мемлекеттік тарихимәдени қорық-музейі, Абай, Шәкәрім кешені, Д.Қонаевтың, Қ.И.Сәтбаевтың, Ж.Жабаевтың, С.Мұқанов пен Ғ.Мүсірепов тің, Ғазиза және Ахмет Жұбановтардың, Ш.Уәлихановтың (Алтын Емел), т.б. мемориалдық музейлері.

→2

ҚАЗАҚ ҚАЗЫНАСЫ

ЯСАУИДІҢ АҒАСЫ САДЫР ШАЙЫҚ

СЫР БОЙЫНА НЕГЕ ҚОНЫС АУДАРДЫ?

«Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-музейі ұйымдастырған «Ясауи ізімен» ғылыми-танымдық экспедициясы Қызылорда облысының Жаңақорған ауданындағы Қожа Ахмет Ясауидің туған ағасы Садыр шайық пен одан тараған белгілі тұлғалардың кесенелеріне зиярат ете барды.

Тарихи деректерге сүйенсек, Ибраһимұлы Садыр шайық та дінге берілген тұлға. Алайда, Садыр шайықтың оқуы, білім алуы, Сайрамнан Түркістанға келуі, одан Сыр бойындағы Өзгент шаһарына бас имам болуы жайлы тек халық арасында аңыз-әңгімелерде ғана сақталған. Садыр шайық Жаңақорған ауданына қарасты Қожакент ауылы маңында Қойлақы көлінің жанына жерленген.

«Бүгін біз Садыр шайықтың мазарына келіп, құран бағыштап, тарихымен тереңірек танысу мақсатында жұмыс жасап жатырмыз. Тарихи деректерде Ибрахим шайықтан Садыр және Ахмет атты екі ұл тарағаны белгілі. Соңғы кезде Қожа Ахмет Ясауи бабамыздың туған-туыстары жайлы кең түсінік жоғалып барады. Біздің мақсатымыз – Түркі әлеміне ортақ тұлға Қожа Ахмет Ясауи бабамызға қатысты барша деректерді жаңғырту, іздестіру, зерттеу, халыққа кең көлемде насихаттау, келер ұрпаққа толыққанды мәліметтер жинақтап қалдыру. Садыр шайықтың Жаңақорған жеріне қоныс аудару себебі жайлы да көптеген аңыз-әңгімелер бар. Бір деректерде Қожа Ахмет Ясауидің ұлы Ибраһим кісі қолынан жастай қаза тапқан соң, күйінгеннен басқа тұсқа қоныс аударды делінсе, ал бір деректерде ел ішінде бір-бірінен кек алу қақтығысы тумас үшін туған бауыры Садырды Жаңақорған жеріне Ясауидің өзі қоныс аудартқан дейді. Бұл әрекеттерді іштей саралап көрсеңіз өз ұлының қазасына жаны күйзелсе де туыстарын бір-біріне деген мейірімі, тыныштықты көксеп, жақсылық пен адамгершілікке шақырған ұлылық пен тектілігі, тақуалығы айқын аңғаруға болады. Қожа Ахмет Ясауиге құрмет көрсете отырып бауырлары мен ұл-қыздарына да көңіл бөлсек білдірсек деген ниетіміз бар. Әйтпесе жалғыз бауырының тарихтағы орны жоғалып барады», дейді «Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-музейінің директоры Нұрболат Ахметжанов.

Қазіргі таңда Садыр шайықтың қабірі қараусыз жатыр, тіпті, мемлекет қорғауына да алынбаған. Баба басына құран бағыштап бару бұрынғы және кейінгі қорымдар жатқандықтан аса қиындық тудырады. Бұған дейін Садыр шайықтың ұрпақтары жиылып баба қабірін ақ кірпішпен қоршап, құлпытас орнатыпты. Садыр шайық жайлы аз-мұз дереккөздерге ойынсық.

«Садыр шайық – Ибраһим бабамыздың үлкен ұлы. Садыр шайықтың ұрпақтары Жаңақорған жеріне кең таралған. Баба ұрпақтарының ішінен қаншама әулиелер мен батырлар, шешендер мен бектер шыққан.

→3

БАСПАСӨЗ ҚЫЗМЕТІ ХАБАРЛАЙДЫ

КҮЛТӨБЕДЕН ТАБЫЛҒАН СЫРҒАЛАР...

Күлтөбеден табылған II-III ғасырларға тән алтын сырғалар қорық-музей қорына қабылданды.

Түркістан қаласындағы ортағасырлық Күлтөбе қалашығында Мәдениет және спорт министрлігінің бастамасымен Қазақ ғылыми-зерттеу мәдениет институты археологиялық қазба жұмыстарын жүргізіп жатқаны белгілі. Қазіргі күнге дейінгі археологиялық зерттеулер нәтижесінде табылған заттардың ішінен XVII-XIX ғасырларға тән 193 дана керамикалық, 77 дана мыс бұйымдар 298 дана XVIII-XIX ғғ. тән монеталар, 17 фарфор ыдыстардың фрагменттері, II ғ. екінші жартысы – IV ғ.ғ. тән 6 дана алтын әшекей мен XIII-XIV ғғ. тән 2 алтын сырға, 7 дана алтын әшекей бөлшектері сондай-ақ 9 дана күміс тиындар мен 2 дана күміс әшекейлер жалпы саны 600-ге жуық зат «Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-музейінің қорына қабылданды.

→3

ЕЛ-ЖҰРТЫН САҒЫНУМЕН ӨТКЕН ҒҰМЫР

→2

ЖӘНІБЕКТІҢ БАТАГӨЙІ МЕШІТБАЙ БИ

→3

ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ ҚАРА НАРЫ

→4

18 МАМЫР – ХАЛЫҚАРАЛЫҚ МУЗЕЙ КҮНІ!

МУЗЕЙ – КЕШЕГІ МЕН БҮГІНГІНІҢ АРАСЫН ЖАЛҒАЙТЫН АЛТЫН КӨПІР

←1

1889 жылы 20 маусымда халықаралық «Музейлер ассоциациясы» құрылды. 1918 жылы Халықаралық музейлер Бюросы құрылып, «Музеон» журналын шығарды. Бұл ЮНЕСКОның «Музеум» журналының шығуына негіз болды. 1946 жылы Луврда (Париж) ЮНЕСКО-ның құрамына енген Халықаралық Музейлері Кеңесі құрылды. ICOM-ға 1948 жылы – 29 мемлекет, 1950 жылы – 43 мемлекет, 1977 жылы – 109 мемлекет, 1999 жылы 135 мемлекет музей мүше болды. 1977 жылы Халықаралық музейлер Кеңесінің 11 конференциясында 18 МАМЫР – ХАЛЫҚАРАЛЫҚ МУЗЕЙ КҮНІ! болып белгіленді. Қазіргі таңда музей қызметі қоғамдық институт ретінде әлеуметтік қоғамдық экономикалық жағдайға сай жүргізілуде.

«Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи мәдени қорық музейі» РМҚК республикамыздағы іргелі музейлердің бірі. Қорық-музей ақын, ислам дінінің көрнекті жаршысы, «Түркістан пірі» атанған ғұлама Қожа Ахмет Ясауи (Әзірет Сұлтан) құрметіне арнап XIV ғасырдың соңында Әмір Темір салдырған кесене негізінде Түркістан қаласында 1978 жылы 30 қыркүйекте «Республикалық Қожа Ахмет Ясауи кесенесі сәулет ғимараты музейі» ретінде ашылды. 1989 жылы 28 тамызда Қазақ ССР Министрлер кеңесінің №256 қаулысымен «Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи мәдени қорық музейі» болып құрылды. Ал Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 24 шілдедегі №585 қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің «Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи мәдени қорық музейі» республикалық мемлекеттік мекемесін қайта ұйымдастыру жолымен құрылды. Қор сақтау және есепке алу, Ғылыми-зерттеу жұмыстары, Тарихи мәдени мұра ескерткіштерін қорғау және есепке алу, Экскурсия және насихат, Қызмет көрсету және эксплуатация бөлімдері жұмыс атқаратын қорық музейде құрамында 99 тарихи мәдени ескерткіш бар. Олардың ішіндегі 1-і халықаралық, 18-і республикалық, 7-і жергілікті маңызға ие. 73 ескерткіш алдынала есепке алу тізіміне енгізілген. Түркістанның бас жәдігері болып табылатын Халықаралық дәрежедегі Қожа Ахмет Ясауи кесенесі ортағасырлық теңдесіз сәулет туындысы ретінде 2003 жылы ЮНЕСКО-ның бүкіләлемдік мұралар тізіміне алынды. Әлемдік маңызға ие болған ескерткіштің ұлттық пантеон ретіндегі алар орны да айрықша. Қорық-музей Қожа Ахмет Ясауи кесенесімен бірге Үлкен Қылует (жер асты мешіті, XII ғасыр), Әулие Құмшық Ата қылуеті (XII ғасыр), Есім хан кесенесі (XVII ғасыр), Тәуке хан кесенесі (XVIII ғасыр), Ұлықбектің қызы, Әбілқайыр ханның зайыбы Рабиға Сұлтан Бегім кесенесі (XV ғасыр), Шығыс моншасы (XVI-XVII ғасырлар)

т.б. археологиялық, тарихи сәулет және бейнелеу өнерінің үздік ескерткіштерін қамтиды. Қожа Ахмет Ясауи кесенесі төңірегіне Жолбарыс хан, Есім хан, Жәңгір хан, Тәуке хан, Абылай хан, Қаз дауысты Қазыбек би, Жәнібек батыр, Бөгенбай батыр т.б. тарихи тұлғалар жерленген болса, қорық-музей мамандарының зерттеулері нәтижесінде сол тұлғалардың бүгінде 229-ы анықталды. Қорық-музейдің қорында 24 615 дана құнды тарихи жәдігерлер қордаланған. Олардың арасындағы жазба, археологиялық этнография және нумизматикалық топтарға жататын жәдігерлердің талапқа сай сақталуы үшін соңғы үлгідегі арнайы құрылғылар орнатылған. Қорық-музей экспозициясына шығарылған жәдігерлер саны – 1896.

«Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи мәдени қорық музейі» РМҚК еліміздегі барлық республикалық, облыстық музейлермен қатар туристік ұйымдармен және ғылыми-зерттеу институттарымен әріптестік орнатқан және солардың арасында келушілері ең көп музей болып табылады. Келушілерге көрсетілетін қызмет түрлері де талапқа сай жүйелі жолға қойылған. Осындай атқарылған іс-шаралар нәтижесінде қорық музей 2015 жылы халықаралық ICOM одағының «Жыл музейі» дипломына ие болса, 2016 жылдың қорытындысы бойынша Ұлттық бизнес-рейтинг бағдарламасының «Өрлеу қарқыны» номинациясында Қазақстан музейлері бойынша «Сала көшбасшысы» атағына, «Алтын» рейтингісіне ие болып, Халықаралық сертификатпен және арнайы «Алтын қыран» медалімен марапатталды. Қорық-музейде 5 ғылым докторы, 3 ғылым кандидаты, 14 ғылым магистрі, 17 қызметкер «Мәдениет саласының үздігі» төсбелгісінің иегері атанды. Қорық-музей мамандары соңғы жылдары «100 аңыз» (2018 ж.), «70 хикмет» (2018 ж.), «Түркістан жазирасының қыш ыдыстары» (2018 ж.), «Зергерлік бұйымдар топтамасы» (2018 ж.) каталог кітаптары, «Әзірет Сұлтан» қорық музейіне 40 жыл» альбом кітабы (2018 ж.), «Түркістанда жерленген хандар мен сұлтандар» (2019 ж.), «Түркістанда жерленген қазақ билері» (2020 ж.), «Әзірет Сұлтан» энциклопедиясы (2021 ж.), «Қожа Ахмет Ясауи кесенесі» (2021 ж.), «Теріскей толғаулары» (2021 ж.), «Диуани хикмет» (2021 ж.), «Кәрсон Таңыбай батыр» (2021 ж.) сынды кітаптары көрерменге жол тартты. Алдағы уақытта «Түркістанда жерленген қазақ батырлары», «Түркістанда жерленген діни рухани тұлғалар», «Қарпық батыр Өтепұлы» сынды кітаптар мен «Тиындар коллекциясына» қатысты каталог жарыққа шығады деп жоспарлануда. 2019 жылы қолға алынған жобалардың бірі «Ясауи ізімен» ғылымитанымдық экспедициясы өз жемісін беруде. Нәтижесінде, Сайрам ауданы, Созақ ауданы, Жаңақорған ауданы, Ташкент қаласы, Наманган қаласында өткізілген жұмыстардың нәтижесінде Қ.А.Ясауиге қатысты көптеген рухани мұралар табылып, зерттелуде. Бес жылға жоспарланған жоба бағдарламасында ендігі кезекте Түркия, Ресей, Еуропа елдері мен Шығыс Азия мемлекеттері тұр.

Ясауитанудағы зор жетістік деп бағалауға тұрарлық бұл іс-шара алдағы уақытта да жалғасын таба бермек.

Берік БАЙБОЛОВ,
Ғылыми-зерттеу бөлімінің басшысы

ТҰҢҒЫШ ҚАЗАҚ ЕЛШІСІНЕ АРНАЛҒАН

Қазақтан шыққан тұңғыш дипломат Нәзір Төреқұлов жайлы естеліктер мақалалар, кітаптар қанша жазылғанымен әлі де айтар ой аз емес. Нәзір 1892 жылы қазан айында Түркістанның түбіндегі Қандөз елді мекенінде туған. Әкесі Төреқұл заң қызметкері әрі кәсіби мақта саудагері болған.

Ол қызмет бабымен Өзбекстанның Қоқан қаласына көшіп келген. Нәзірдің жастық шағы өзбек жерінде өткен. Нәзір бастапқыда ауыл молдасынан және жергілікті медреседе білім алған. Ол Мәскеуде білім алып, еліне оралған соң көптеген жоғары лауазымды қызметті атқарады. Нәзір Мәскеуге шақырылып, 1922-1928 жылдары Орталық баспа басқармасының төрағасы қызметін атқарды. 1928-1936 жылдары КСРО-ның Сауд Арабиясындағы өкілетті елшісі қызметін атқарады. 1937 жылы шілде айында тұтқындалып, 3 қараша күні «халық жауы» деген айыппен ату жазасына кесілді. Денесі Мәскеу түбіндегі Коммунарка қорымына жерленді.

Нәзір Төреқұлов 1958 жылы ақталғанымен, кеңес заманында ол туралы зерттеулер мен ізденістер жоқтың қасы болатын. Еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін қазақ ғалымдары Нәзір Төреқұлов туралы жан-жақты зерттей бастады.

Түркістанда алғаш рет 1996 жылы Нәзір Төреқұловтың 105 жылдығы кең көлемде аталып өтті. «Нәзір Төреқұлов» атындағы халықаралық қор құрып, ізденісті бастаған кісінің бірі – Ыбырай Ысмайылов. Ы.Ысмайылов Нәзір Төреқұлов туралы ізденіп, Өзбекстан, Ресей тіпті сонау Сауд Арабиясына дейін іздеп барған азамат. Осы ізденістің нәтижесінде Түркістанда Нәзір Төреқұловтың атына мектеп, мешіт-медресе, кітап үйі ашылып, қаланың ортасынан Нәзір Төреқұлов атына көше берілді және музейі ашылды.

Қазақтан шыққан тұңғыш елшіге арналған «Нәзір Төреқұлов музейі» 2006 жылы қараша айында қоғамдық негізде Нұрмахан Назаровтың басшылығымен Түркістан қаласындағы Саттар Ерубаев музейі жанынан арнайы бөлме болып ашылған. 2008 жылы музей жеке ғимаратқа көшіріліп, 25 наурыздан бастап Шымкент қаласындағы «Оңтүстік Қазақстан облыстық саяси қуғын-сүргін құрбандары» музейінің филиалы болып бекітілді. Музейдің ашылу салтанатына алыс-жақын шетелдерден ғалымдар мен мәдениет қайраткерлері, зиялы қауым өкілдері қатысты. Музейге сол кездегі Сыртқы істер министрі, қазіргі Президент Қасым-Жомарт Тоқаев арнайы келді. Музейдің ашылу салтанатына Оңтүстік Қазақстан облысының (сол кездегі) әкімі Өмірзақ Шөкеев, Солтүстік Қазақстан облысының (сол кездегі) әкімі Тайыр Мансұров, Қызылорда облысының (сол кездегі) әкімі Бердібек Сапарбаев, сол уақыттағы Сенат депутаты Қуаныш Айтаханов қатысты. Музейдің экспозициясын жасаған Қазақстан Республикасына еңбегі сіңген өнер қайраткері, дизайнер Аманжол Найманбай болды.

2018 жылдың тамыз айынан бастап Нәзір Төреқұлов музейі Түркістан облыстық тарихи-мәдени-этнографиялық орталыққа қарасты музей филиалы болып бекітілді.

Музей үш экспозициялық залдан тұрады:

1. Нәзір Төреқұловтың өмірі мен қызметінің белестері;

2. Нәзір Төреқұлов – дипломатия көшбасшысы;

3. Кино зал.

Музей экспозициясын Нәзір Төреқұловтың өмірі мен қызметі жайындағы мұрағат құжаттары, суреттері, қол қойған бұйрықтары, баспасөз бетіне жарияланған мақалалары толықтырып тұр. Сонымен қатар Нәзір Төреқұловтың қызы Әнел Нәзірқызының музейге арнайы тапсырған әкесінің жеке заттары: жұмыс столы мен орындығы, жұмыс кабинетінде қолданған сиясауыты, патефоны, қол сандығы және әкесі Төреқұлдың ұстаған жез құманы сияқты экспонаттарымен бірге Нәзір Төреқұловтың өз қолымен салған суреттерінің көшірмесі де бар. Осы жерде тоқтала кетсек, ағайындары 2002 жылы аумалы-төкпелі заманда ел асқан Нәзір Төреқұловтың артында қалған жалғыз қызы Әнелді Мәскеуден табады. Бірқатар жанашыр кісілер арнайы танысуға барып, Әнелді елге әкелмек болады. Алайда жасы 77-ге келген кейуана жүріп-тұруы қиын, денсаулығы да сыр беріп жүргендіктен бас тартады. Бірақ туған жерінен іздеп келген бауырластарына әкесінің қолданған бірқатар затын, құжатын тапсырады.

Осылайша музейге Нәзір Төреқұловтың бірқатар дүниесі жиналады. 2003 жылы қызы Әнел қайтыс болды деп елге хабар келгенде де Ыбырай Ысмайылов бірқатар қоғам қайраткері болып Әнелдің денесін елге әкеліп, Түркістандағы зиялылар зиратына жерленеді. Қызы Әнелдің берген заттары мен құжаттары музейдің қорына тіркеліп, бүгінде музейге келген барлық оқырмандарға таныстырылуда.

Роза НЫШАНБАЕВА,
Нәзір Төреқұлов музейінің қызметкері

ЕЛ-ЖҰРТЫН САҒЫНУМЕН ӨТКЕН ҒҰМЫР

Мемлекет және қоғам қайраткері, тілші-ғалым Нұртас Оңдасынов – әуелі Халық Комиссарлар кеңесінің төрағасы, 1946 жылдан бастап атауы өзгертілген Қазақ КСР Министрлер кеңесінің төрағасы қызметін атқарып, Қазақстан Үкіметін ең ауыр кезеңдерде (1938-1951) табан аудармай он үш жыл басқарған басшы. Тарихқа көз салсақ, отызыншы жылдарда аштыққа ұшырап, малы мен жанынан қоса айырылған ел-жұрт, жаппай көшіп-қону мен репрессия, Ұлы Отан соғысы, тұралаған халық шаруашылығын қалпына келтіру жылдары… Міне, осы кезең Нұртас Оңдасыновтың ел Үкіметін басқарған уақытына тап келді…

«...Ел басқару – өте қиын. Ел басқару біреуге – бақыт, біреуге – мехнат. Өзіме мехнат жолын таңдадым. Өз бала-шағамнан гөрі қазақ халқының жағдайын көп ойладым. Экономикасы мен мәдениетін, білім мен өнерін қалай көтерсем екен, ел қатарына қалай қоссам екен деп, күндіз-түні ойландым, әрекет еттім… Мен үш нәрседен тазамын. Біріншіден, қиын кездерде ел басқардым, бірақ ешкімнің жаны мен қаны мойнымда жоқ – арым таза, екіншіден, ешқашан ешкімнен пара алған емеспін – қолым таза, үшіншіден, ешкімді, ешқашан руға, жүзге бөлген емеспін – жүзім таза!». Н.Оңдасынов.

Бұл Н.Оңдасыновтың өз сөзі. Ел сауатсыздығына нүкте қойған жан.

– Нұртас Дәндібайұлының өмірі мен қызмет жолын үшке бөліп қарауға болады. Біріншісі – Қазақстан Үкіметін басқарған кезі, екіншісі – Гурьев облысында әуелі Атқару комитетінің төрағасы, сосын партияның бірінші хатшысы болған жылдары, үшіншісі – ердің жасы 58-інде Хрущевтің қысымымен жасы жетпесе де зейнеткерлікке шығып, Мәскеуге көшіп, ғылыммен айналысып, нәтижесінде, «Арабша-парсыша-қазақша түсіндірме сөздіктер» жазған сәті.

Оңдасыновтың қайраткерлігі, ел басқарудағы біліктілігі айтылып та, жазылып та жүр, бірақ ол кісінің өмірінің соңғы жиырма бес жылын арнаған керемет ұлы еңбегі – «Арабша-парсыша-қазақша түсіндірме сөздіктері» туралы аз айтылады, тіптен ғылыми жағынан өз бағасын әлі алған жоқ, деп бастады әңгімесін оңдасыновтанушы, журналист Гүлсім Оразалықызы. – Нұртас Дәндібайұлы Үкімет басшысы қызметіне кіріскен бетте 20-жылдардан бері үздік-создық жүріп келе жатқан елдегі сауатсыздықты жою мәселесін бірден қолға алып, нүкте қойған адам. «Халықтың сауатын ашпай экономикада да, мәдениетте де ешнәрсеге қол жеткізе алмайтынымызды түсіндім» деген пікірі бар.

Жер-жерден ликбездер ашқызып, халқының сауаттылығын көтеріп кеткен басшы. Кеңес Одағына енетін он бес одақтас республиканың ішінде сауаттылығы жағынан ең соңғы орында болған Қазақстан 1939 жылғы 17 қаңтарда жүргізілген санақ бойынша бесінші орынға шығады. Бұл – қазақ даласында өндіріс қарқынды дамып, жаңадан зауыт-фабрикалар салынып жатқан кез. Оңдасынов ғылым, білім, өнер, мәдениетке қашанда Үкімет тарапынан қолдау көрсетілу қажет екендігін жете түсінген. Бұған оның атқарған істері дәлел бола алады. Соғыстың қайнап жатқан кезінде Қыздар педагогикалық институты, Ұлттық консерватория, Қазақ дене тәрбиесі институттарының ашылуына мұрындық болды. Педучилищелер, облыс орталықтарынан екі жылдық мұғалімдер институтын ашып, кейіннен олардың бәрі төрт жылдық педагогикалық институттарға айналды. Қыздар педагогикалық институты бүкіл одақтағы қыздарға арналған жалғыз жоғары оқу орны екенін ерекшелеп айтқым келеді. «Ауылдағы қара қыздарым білім алсын дедім, тұрмыстың да төмен кезі ғой. Мемлекет бар шығынды өз мойнына алды…» деп отыратын Нұртас ата.

«Соғыс жылдарында елге жеткізіліп тұратын газет, журнал, кітаптар саны күрт төмендеді. Рухани азық азайды. Соғыс даласынан «қара қағаздардың» келіп жатқан кезі. Сондықтан халықтың рухын көтеру қажет болды.

Үкіметтің қолдауымен 1943 жылы Алматыда ақындар айтысын өткіздік, ол радио арқылы республикаға таратылды. Бұл қазақ халқы үшін айтулы бір оқиға болды» дейтін Нұртас Оңдасынов. Негізінде ол ұлттың дәстүр-салтын, өнерін, мәдениетін ұмытқан емес. Бір әңгімелескенде «Бірде Орталық комитетте «Кеше Оңтүстіктегі көкпарда бір адам қаза болыпты. «Бұл ұлттық ойынды доғару керек» деген мәселе көтерілді. «Кеше Ташкенттен келе жатқан автобус аударылып, екі-үш адам қаза болды. Сондықтан автобустың жүруін де тоқтатайық» дедім. Бәрі үндемей қалды, көкпар мәселесі де бұдан кейін көтерілген жоқ» деген-ді.

Халықтың төл өнерін дамытумен қатар театр, кино, сәулет, сурет сияқты өнер түрлерінің өркендеуіне барынша көңіл бөліп, Кеңес Одағының орталық мәдени ошақтарынан кәсіби мамандар шақырды. Осы салаларды игеру үшін қазақ жастарын Мәскеу, Ленинград, Харьков секілді басқа да қалаларға оқуға жіберді. «Мосфильм» және «Ленфильм» киностудияларын Алматыға шақырып, он шақты көркем және деректі фильмнің түсірілуіне Үкімет жағдай жасады. Орталықтандырылған көркем фильмдер бірлестігі ұйымдастырылды. Осының негізінде бүгінгі Шәкен Айманов атындағы «Қазақфильм» құрылды.

Гүлшат ЫСҚАҚОВА,
Мемлекет және қоғам қайраткері, Н.Оңдасынов атындағы музейдің ғылыми қызметкері

ҒАСЫРЛАРДЫҢ ТАБЫ ҚАЛҒАН ҒИМАРАТ

Саттар Ерубаев музей орналасқан ғимарат XX ғасырдың басында ұлтаны іргетассыз, қабырғалары күйдірілген кірпіштен өрілген. Ғимарат 1910-1920 жылдары орыс-түзем мектебі ретінде жұмыс істеді. Кейін Абай атындағы қазақ мектебі атанды. 1988 жылға дейін бұрынғы Ленин атындағы орта мектептің бастауыш сыныптары осы ғимаратта тәлім алды.

Ғимарат 1989 жылы Саттар Ерубаевтың жергілікті ведомстволық мемориалдық мұражайы айналды. Мұражай 1991-1995 жылдары республикалық бюджеттегі «Әзірет Сұлтан» мемлекеттік қорық музейінің қарамағында жұмыс істеді. 1995 жылы «Саттар Ерубаев атындағы әдеби-мәдени музейі» атанып, «Облыстық тарихи-өлкетану музейінің» филиалы болып қайта құрылды. Қазіргі таңда Түркістан облыстық тарихи-өлкетану музейінің филиалы – С.Ерубаев атындағы әдеби-мәдени музейі ретінде жұмыс істеп тұр.

Музейдің жалпы көлемі 335.4 шаршы метрді құрайтын 1 қабатты ғимаратта орналасқан, оның ішінде экспозиция 195 шаршы метр, қор қоймасы 10 шаршы метр жерді алып отыр.

КӨНЕ ТАРИХ КӨМБЕСІ

ЖӘНІБЕКТІҢ БАТАГӨЙІ МЕШІТБАЙ БИ

Мешітбай Сүгірұлы 1660 жылы дүниеге келген. Мешітбайдың әкесі Сүгір, атасы Шора да дәулетіне кісілігі сай, халық арасында беделді адамдар болса керек. Бізге жеткен деректерге қарағанда Мешітбайдың ат жалын тартып мінгеннен өз замандастары Төле би, Қаз дауысты Қазыбек, Әйтеке билер санатында, қазақ елін сыртқы жаудан қорғап, ел тұтастығының, береке-бірлік, ынтымағының нығаюына күш-жігерін, ақыл-парасатын, мал дәулетін аянбай жұмсаған ержүрек батыр, қабырғалы би, ауызы уәлі, батагөй абыз болғаны байқалады. Әсіресе Мешітбайдың даңқын асырып, есімін аңызға айналдырған тосын оқиға – 1710 жылы Қаракерей Қабанбай батыр қосынында жауға аттанып, бағын сынағалы тұрған жас өрен Шақшақ Жәнібекке бата беріп, ақ жол тілеуі еді. Сол ұрыста жас жолбарыс Жәнібек ерен ерлігімен көзге түсіп, қалмақтың бас батырын жекпе-жекте өлтіріп, басын қанжығасына байлап, аруағы басым, мерейі үстем болып жеңіспен оралады.

Міне, осы оқиғадан бастау алған екі арыстың арасындағы туыстық-сыйластық, жанашырлық олар дүние салғанға дейін жалғасып, кейінгі ұрпақтары арасында да осынау үрдіс ұзақ жылдарға шеру тартады. Мешітбай Шақшақ Жәнібектің рухани дем берушісі әрі батагөйі болған. Қолы ашық, жомарт, сақылығымен Жәнібек батырдың жасағын сойыстық мал, мінер ат, тағы басқа қажетті жабдықтармен қамтамасыз етіп, атадан қалған иен дәулетін осынау игілікті жолға сарп етеді.

«Ақтабан шұбырынды, алқакөл сұлама» атанған қасіретті жылдарда Шақшақ Жәнібектің қасында үзеңгілес, жорықтас батырлар – Қарабалуан, Құдайберлі Сүгір, соғыс қаруын соғатын ұстасы, пері дүкенін иеленген Қалмамбет екі бірдей інісі – Құлан, Досанмен, ақыл қосар биі, һәм батагөйі Мешітбай да болыпты. Сол сапарда Досан батыр Жәнібектің жорықта жүргенде мәжіліс құратын қара қосын Қаратаудан Арқаға дейін жаяу арқалап келіпті – деп те аңыздайды.

Сайыпқыран Жәнібек Досан батырдың еңбегін бағалаған болу керек, ел қонысқа, жер бөліске келгенде ойы – балық, қыры – киік, қара қазан қаспағынан арылмайтын, қара бала шұбырып қаңғымайтын, жері шұрайлы нулы да сулы Қара Наурызымды Досанға беріп, қандыкөйлек жолдасы Қарабалуанды Обаған бойына қоныстандырып, өзі Торғай-Тосынды иемденіпті. Жәнібектей ел қамқорының мейірім етуімен Мешітбай, Досандай ел қорғаны кеменгерлердің тер төгуімен Сүгір атты байтақ ел Қара Наурызымға қоныс теуіп, өсіп-өніп, мың жарым үйлі шаңыраққа жетіп, береке бірлігімен, бауырмалды кеңпейілімен, қонақжай меймандостығымен көп аузына ілігіп, ел құрметіне бөленеді.

Ел құт мекенде ес жиып, мамыражай тірлікке көшеді. Бұл кез Мешітбайдың ұлғайып қалған шағы екен. Осы қоныста 97-ге қараған шағында, 1757 жылы дүние салады. Дүниеден өтер алдында ел-жұртымен, ұрпақ-өрендерімен қоштасып, ақтық өсиетін айтады. Дүние салысымен ақ жуып арулап, былғарыға тігіп, қарағайдың басына сақтауын, қар кетіп, күн жылығасын, жылқыға жал, түйеге қом біткенде, былғарыны сөгіп, мәйітін қарауын, егер ақыретінде тырнақтай дақ болса сол жерге жерлеуін, бірақ тәні азбаса. Түркістандағы Әзірет Сұлтан кесенесіне жеткізулерін өтінеді. Аталған уақытта ел жиылып, мәйіттің бұзылмағандығын көргесін, баласы Қосназар бас болып, қырық шақты адам жүз жылқымен аза тұтып, баба мәйітін Түркістанға апарып, жерлеп қайтысады. Бабаның ғазиз тәніне бірнеше ай тұрақ болған сөре қарағай әлі күнге міні құрымастан сақталған.

Әке алғысын алған Қосназар, оның кейінгі ұрпақтары да ел ілтипатына бөленіп, Мешітбайдың батагөйлік үрдісі Қосназарға көшеді. Жәнібектің Шегенінің балалары Қазыбек пен Бірімжанға енші бергенде Арғын, Қыпшақтың небір аузымен құс тістеген жақсы-жайсаңын місе тұтпай, Мешітбайдың Қосназарының ұрпағы Қуандықтың Жаманкөзіне көңілі ауады. Құдай сәтін салып, Жаманкөз дәм айдап, ауылына келе қалғанда құдай жолына атаған боз қасқасын шалдырып, игі жақсылардың алдында Жаманкөзден бата тілейді. Жаманкөздің түр-тұлғасына, кісілігіне көңілі толмай тәкапарлықпен қолын самарқау жайған Қазыбекке «Қазижан-ай, сенің ақырың, сірә да оңбас» деп кейістік білдіреді. Жаманкөз бата бергенде қолын шапанының етегімен қоса жайып, айрықша ілтипат көрсеткен Бірімжанға – «Бектік те, байлық та бір өзіңде қалды-ау, ағаңа обал жасадың-ау», депті көрегендікпен. Киіз туырлықты қазақтың айтыспай, тартыспай, дау-дамайсыз жүретін күні бар ма? Кешегі ер Жәнібектің тұсында Қыпшақ пенен Арғынның арасында бір дау туындап, оның арты шырғалаңға айналғасын, екі жақтың сөз ұстаған билері мәмілеге келу үшін Жәнібек батыр алдында тоқайласады.

Жайсаңдар жиылып болса да Жәнібек батыр «Күтіп отырған адамым бар», деп мәжілісті бастатпайды. «Бұл кім болды екен?», деп жұрт дал болысады. Сол мезет күттірген Мешітбай атамыз да жетіп, Жәнібек өзі бас болып қарсы алып, ақ ордаға оздырады. Қыпшақтың төбе биі Ізбасты деген кісі «Бұл кім болды екен? Жай-жапсарын ұғып кел» деп сыншысын жұмсапты. Сыншысы «Жәнібек бағаласа, бағалағандай, елдің құты, маңдайындағы ырысы екен» деп келіпті. Сонда Ізбасты би:

Олай болса, ертең мәжіліс басталысымен сол құт адамның жанына барып жайғас. Мәжіліс қызып, жұрт сусар. Сол мезетте аяқты ал да «Құрайт, Құрайт» деп үстіне төңкере сал, деп кеңес береді. Ақыры айтқанындай, қымыз дастарқаны жайылады. Мешітбай атамыз аққөңіл, аңғал адам болса керек. Осылай боларын алдын ала болжап білген Жәнібек батырдың «Аяғынды ешкімге ұсынба» деген ескертпесін дереу ұмытып, қолындағы аяғын «Бұйырыңыз» деп ұсынғанда жанында отырған сыншы ілезде аяқты ала салып, төбе бидің айтқанындай үстіне ақтара салады. Сонда Жәнібек батыр:

– Қап, бекер болды-ау. Жылқыдан айырылдық қой, – деп бармағын шайнап, өкінген екен. Сөйтіп, арғынның жылқысы қыпшаққа ауыпты деседі бата бергенде:

Аруақты хас батыр Жәнібектің Мешітбайдай абыздан бата алуы, «Ұста да ұстазсыз болмайды» деген қағиданы берік ұстанып, өмір бойы Мешітбайды қадірлеп қастерлеуі, сондай-ақ кейінгі ұрпаққа Мешітбайдың батырлығы, шешендігі, көсемдігімен танылмай Жәнібектің батагөйі деген атпен аян болып, бар қазақтың жүрегіне жол табуы, дүние салғаннан кейін де рухтары тоғысып, Түркістандағы Әзірет Сұлтан кесенесінде қатар жатуы – көп жайттардан хабардар қылса керек.

Мешітбай атаның ұрпақтары мейлінше өсіп-өніп, көшпелі елге айналған. Мешітбайдың Ерназар, Байназар, Қосназар, Сейітқұл атты ұлдарынан тараған төрт рулы ел бұл күнде 450 шаңырақты құрап отыр. Баба әулетінен елдің ынтымақ-бірлігіне сызат түсірмей, біртұтас болуын көксеген Тоқсан, Досмағамбет, Әжібайдай ел баққан би, болыстар, Алдаберген, Үркімбай, Ақболат, Тоқсан, Есмағамбет, Есенғали, Бірке, Хамза сынды құдай жолына мал бұлаған қажылар, маңайындағы жарлы-жақыбайға қарасып, жаяуға – ат, сусағанға – сусын берген, сабасына құт дарыған Саңырық, Астаубайдай ақпейіл байлар, өлеөлгенше мешіт ұстаған, елге имандылық жол көрсеткен Бекмағамбеттей имамдар Түркістанға жыл сайын барып, зиярат етіп отырған. Бүгінгі тәуелсіздікке ұлттық пантеонда мәңгілікке тыныс тапқан аруақты бабаларымыздың еңбегінің арқасында қол жеткізіп отырғанымызды келер ұрпаққа аманаттап жеткізу – бабалар аруағын ұлықтау, ұлттық пантеонның қадір-қасиетін жете түсіндіру біздер үшін тарих жүктеген ұлы міндет.

Айгул УРКИНБАЕВА,
Ғылыми қызметкер

ЯСАУИ ХИКМЕТТЕРІНЕН

ПЕЙІШ ПЕН ТОЗАҚТЫҢ АЙТЫСЫ

Пейіш, тозақ таласар, таласуда баян бар,
Тозақ айтар: мен артық, менде Пергауын, Һаман бар.
Пейіш айтар: білмейсің, сенде қандай талғам бар?! –
Пергауын, Һаман сенде-дүр, менде Жүсіп, Кенған бар.
Тозақ айтар: мен артық, дүниепарас көп құл жүр,
Қолдарына салынған алмас кісен, от-шынжыр.
Пейіш айтар: мен артық, мен – Пайғамбар мекені,
Алдарында олардың: кәусар, һүр мен нөкері.
Тозақ айтар: мен артық, менде жөйіт, тарса бар,
Жөйіт, тарса тәндерін сансыз азап паршалар.
Пейіш айтар: мен артық, менде иманды құлдар бар,
Момындардың алдында шексіз нығмет – гүлзар бар.
Тозақ айтар: мен артық, залым құлдар бар менде,
Залымдарға беретін зәһар – менде, зәр – менде.
Пейіш айтар: мен артық, ғалым құлдар – төрімде,
Аят, Хадис, Құран бар ғалымдардың көңілінде.
Тозақ айтар: мен артық, алаяқ бар – қойнымда,
Оттан ескен кісен бар мұнафықтар мойнында.
Пейіш айтар: мен артық, менде – хақ жол тұтқандар,
Сопылардың көңілінде Зікір, Пікір, Сұбхан бар.
Тозақ айтар: мен артық, бейнамазды аяр бар,
Бейнамаздың мойнында жылан менен шаян бар.
Пейіш айтар: мен артық, менде – Дидар-Мұратың,
Жар Дидарын көрсетер бар Рахман – Рахым.
Тозақ сонда тақ тұрды, пейіш көкке самғады, ал,
Құл Қожа Ахмет, не білдің? –
Білдіруші Алла бар.

БАСПАСӨЗ ҚЫЗМЕТІ ХАБАРЛАЙДЫ

КҮЛТӨБЕДЕН ТАБЫЛҒАН СЫРҒАЛАР...

←1

Ол олжалардың қатарында, Күлтөбе қалашығының ең көне құрылыс қабаттарынан табылған алтыннан жасалған әшекей бұйымдар: сырғалар, киімге тағатын бұйымдар бар. Олар б.з. II – IV ғғ. мерзімделеді.

Алтын сырғалар жұқа алтын фольгадан жасалған, әшекей беті анар тәрізді безендірілген, бұратылып жасалған. Күлтөбе қалашығынан табылған қазіргі уақытта ең ежелгісі және үлкен қызығушылық танытатын бұйым полихромды стилде жасалған, археологияда «калачик тәрізді» деп аталатын сырғалар.

Оңтүстік өңірде осыған ұқсас бір сырға, Ордабасы ауданында орналасқан Күлтөбе қорымының катакомба деп аталатын жерлеу құрылысында табылған болатын. Бүгінгі таңда мұндай түрдегі сырғалар өңірімізде кездеспеген.

«Әдетте алтыннан жасалған жәдігерлер қаланың ішінде емес сырттағы обалардан табылады. Күлтөбеден табылған сирек кездесетін жәдігердің де ерекшелігі осында. Мұның жасалу үлгісі сақ дәуірінде басқаша болған, қосымша тастарды әшекейлеп бетіне жапсыру болмаған. Бұл ғұн, сармат кезеңдеріне тән, II-III ғасырларға тән алтындар қатарын толықтырып тұр. Әрбір жәдігер ата-тегіміз бен салт-дәстүр, ғұрпымыздан хабар береді», деді тарих ғылымдарының докторы, археолог Мұхтар Қожа.

Сонымен қатар XII-XIII ғасырларда сәнге айналған – сұрақ белгісінде жасалған, інжу тастармен безендірілген алтын сырға да бар.

«Мұндай сырғалар 2000 жылы Сауран қалашығының қазба жұмыстары барысында табылып қорға қабылданған болатын. Ғылымда мұндай сырғалар «қыпшақ» үлгісіндегі алтын сырғалар деп аталған және оларды билік өкілдері емес, қарапайым халық тұтынған деп атаған. Екінші әшекей сегіз саны пішінді етіп жұқа дөңгелек сымнан жасалған. Екінші жағында жұқа сымға 4 кішкентай інжу байланған.

II-III ғасырларға тән алтындар Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың «Ұлы даланың жеті қыры» мақаласында атап көрсеткендей сан алуан металл кендеріне бай қазақ жері ең алғашқы металлургия пайда болған орталықтардың бірі болғанын және олардан түрлі әшекейлер жасау шеберліктерін меңгергендігін дәлелдейді», дейді «Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-музейінің Қор сақтау бөлімінің басшысы Н.Әшірбаева.

БАСПАСӨЗ ҚЫЗМЕТІ ХАБАРЛАЙДЫ

КАРАНТИН ТАЛАПТАРЫН САҚТАЙ ОТЫРЫП ЖҰМЫС ЖАСАУДА

Халықаралық және республикалық маңызы бар тарихи ескерткіштер қатарынан саналатын Қожа Ахмет Ясауи кесенесіне деген қызығушылық зияратшылар мен туристер тарапынан пандемия кезеңінде толастаған емес.

Сондықтан, қорық-музей бас санитардың қаулыларын негізге ала отырып, карантин жағдайында жұмыс жасау тәртібімен жұмыс жасап келеді. Әрине бұл бірінше кезекте келушілер үшін арақашықтықты сақтау, маска тағу талаптарының орындалуын сұраудан басталады. Үш тілде жазылған аудиожазба, музей қызметкерлері дауыс күшейткіш арқылы ескертпе жасауы жалпы сақтық шаралары саналады. Қашықтық сақтау үшін касса маңы мен кіру есігінің алдында белгі сызықтары сызылған. Ғимаратқа кіру есігі алдында антисептик кілемшесі төселіп, келушілерге антисептик сұйықтығы қол тазалауға ұсынылады. Сондай-ақ, дене қызуын өлшегіш құралмен тексеруде жүргізіледі. Кесене іші және маңына карантин талаптарын сақтау туралы ескертпе тақташалар қойылған. Арнайы күту орындары жасақталған. Екі метрлік арақашықтықтың болуы, жабық ғимарат ішіндегі адам санының шектелуі сияқты сақтық шаралары келушілер тарапынан да түсініспен қабылданып отыр.

Мереке және демалыс күндері Қожа Ахмет Ясауи кесенесіне келушілердің саны 5-7 мың адамға дейін көбейіп, сақтық шараларына жауапкершілікпен қарауды арттыра түседі. Қазіргі уақытта халықтың шоғырлануын азайту мақсатында кіру билеттері кесене алдындағы касса арқылы және «Сапар орталығы» ғимаратында нақты ақшаға және аудару тәсілімен де сатылуда. Сондай-ақ, қорық-музей есепшотына қаржы аудару арқылы музейге кіру билеттерін алдын-ала сатып алу мүмкіндігі де қарастырылған. Алдағы уақыттарда қаланың әлеуметтік-маңызды нысандарында да музейге кіру билеттері арнайы кассаларда сатылатын болады.

Қорық-музей онлайн билеттер сату жұмыстарын жандандыру мақсатында «Crokos (Крокос)» ЖШС-мен іскерлік байланыс орнатылып, туристерге ұсынылатын бірыңғай карта шығару мәселесі пысықталып жатыр.

ҚАЗАҚ ҚАЗЫНАСЫ

ЯСАУИДІҢ АҒАСЫ САДЫР ШАЙЫҚ

СЫР БОЙЫНА НЕГЕ ҚОНЫС АУДАРДЫ?

←1

Садыр шайықтың «Қылуетті Шайық» деген де лақап аты бар. Ол ұлы Әзірет – Қожа Ахмет Ясауидің туған бауыры. Қойлақы көлінің атауы Садыр шайықтың Қожа Ахмет Ясауидің тәрбиесінде болып, ұлына айналған Мәулана Сафи-ад-дин Орын Қойлақымен байланысты қойылған. Бұл көлдің арғы тұсында Қойлақының қабірі жатыр», – деді Жаңақорған аудандық тарихи-өлкетану музейінің директоры Нәбихан Шалапов.

XI-XII ғасырда өмір сүрген Садыр шайықтың кесенесіне келушілерге арнап жол салу, жаңғырту, туризм нысанына айналдыру және тарихы мен есімін насихаттап, жандандыру бойынша «Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-музейі тарапынан жергілікті билік өкілдеріне ұсыныс жасап, жұмыстар жүргізу көзделуде.Сондай-ақ

«Ясауи ізімен» ғылыми-танымдық экспедиция мүшелері Садыр шайықтың немересі, Қожа Ахмет Ясауидің ең сүйікті шәкірті әрі ізбасарларының бірі – Мәулана Сафи-ад-дин Орын Қойлақының

және Үсен шайық пен Қара шайық және Бәймен қожаның кесенелеріне барып, тарихымен танысты.

«Насабнама» жазбаларының деректерінде Қожа Ахмет Ясауи дүниеден өтер алдында орнын туысқан інісі Маулана Сафи ад-дин Орын Қойлақыға берген. Ол 93 жыл өмір сүреді. Оның ішінде 50 жыл Қызыр, Ілияспен сұхбаттас, дәмдес болады. Жергілікті халық Сафи ад-дин шайықты «Қойлақы ата» деп атайды. Бұл кісінің атында көл де бар. Ел құрғақшылыққа ұрынғанда асасын жерге қадап, атқылаған судан Қойлақы көлі пайда болыпты деседі аңызда. Кейін өзінің мүрдесі де сол жерге қойылған. Әкесі Данышпан қожа XII-XIII ғасырларда өмір сүрген.

Ахмет Ясауидің жолын жалғастырушы, ағалы-інілі Үсен шайық пен Қара шайықтың кесенелері Аққорған ауылдық округіне қарасты Түгіскен ауылындағы Аққорған қорымында орналасқан. Аққорған – ел мен жердің аты. Бейіт маңында ортағасырлық қираған қаланың орны жатыр. Бейітте ата-бабаларынан бермен қарай өткен ұрпақтардың қабірі орналасқан.

Аққорғандық қожалардың түп атасы Ысқақ баб болса, одан кейінгі ұрпақтары Садыр шайық, Сафиаддин шайық, одан өрбіген ұрпақтар өкілі XVI -XVII ғасырларда өмір сүрген ағайынды – Үсен шайық пен Қара шайық.

Үсен шайық пен Қара шайық – Баһуаддин шайық әулиенің балалары.

Садыр шайықтан тараған ұрпақтардың әулиелік қасиетке ие болған соңғы тұлғасы XIX ғасырда өмір сүріп, XX ғасырдың 30-жылдары өмірден өткен – Бәймен қожа. Бәймен қожаның шын есімі – Баймұхаммед. Ол Қара шайықтың ұрпағына жатады. Алла тағала ол кісіге көріпкелдік, емшілік қасиеттермен қатар ата-бабасының әруақтары арқылы Алла тағаладан аян алатындай дәрежеге ие еткен екен.

Сапар барысында ел ішінде жиі айтылмайтын, тың деректер мен аңыздар да жинақталды. Бұл экспедицияның зор табысы десе де болғандай.

БАСПАСӨЗ ҚЫЗМЕТІ ХАБАРЛАЙДЫ

ҚЫЗМЕТКЕРЛЕР ОҚУШЫЛАРМЕН КЕЗДЕСТІ

1 мамыр – Қазақстан халқының бірлігі күні мерекесіне орай, "Әзірет Сұлтан" мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-музейі" РМҚК қызметкерлері С.Ералиева мен Ә.Орынбекова Түркістан қаласындағы №16 Т.Бигелдинов атындағы жалпы орта мектебінің оқушыларымен кездесті.

Басқосу барысында тарихи-киелі орындарды құрметтеу, тарихын білу, тарихи ескерткіштерді сақтап, қорғаудың маңыздылығы бойынша пікір алмасып, қорық-музейден шыққан баспа өнімдері сыйға берілді.

БАСПАСӨЗ ҚЫЗМЕТІ ХАБАРЛАЙДЫ

ТУР-ФИРМАНЫҢ БАСШЫЛАРЫ КЕСЕНЕГЕ АРНАЙЫ КЕЛДІ

Түркістан қаласының туристік имиджін арттыру және туристік өнімдерді халықаралық нарыққа ұсыну, сондай-ақ отандық және шетелдік туристік агенттіктерге Түркістанның мүмкіндіктерін таныстыру мақсатында ақпараттық тур ұйымдастырылды.

Осы орайда Түркістан қаласына келген 130 отандық туристік агенттер Қожа Ахмет Ясауи кесенесі және оның маңындағы тарихи-мәдени ескерткіштермен танысуға мүмкіндік алды.

Экскурсия барысында туристік агенттерге қорық-музейге қарасты тарихи ескерткіштердің жол көрсеткіш кітапшалары таратылды.

Сондай-ақ «Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-музейі мен Алматы қаласынан келген туроператор басшылары арасында туризм саласындағы ынтымақтастықты арттыру туралы меморандумға қол қойылды.

«Ұлы даланың жеті қыры» көрмесі ашылды

Қожа Ахмет Ясауи кесенесінің Қазандық бөлмесінде «Ұлы даланың жеті қыры» атты ауыспалы көрме ашылды.

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың «Ұлы даланың жеті қыры» бағдарламалық мақаласы аясында «Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-музейінің ұйымдастырған көрменің мақсаты – Ұлы даланың ерекшеліктері мен атқа міну мәдениетін насихаттау, ұлттық болмысымызды дәріптеу, тарихи сананы жаңғыртуға шақыру болып табылады.

Көрме экспозициясына атқа міну мәдениетіне байланысты ең құнды мұраның бірі – археологиялық қазбадан табылған VI-VII ғасырларға тән үзеңгі қойылды.

– Бұл жәдігер 1979 жылы Күлтөбеде жүргізілген археологиялық қазба жұмыстары кезінде VI-VII ғасырларда көмілген аттың қаңқасымен бірге табылған. Жылқы ауыздық пен үзеңгі сынды әбзелдерімен қойылған. Дәл осындай жәдігерлер Ташкент, Самарқан, Алтай өңірлеріндегі бес жерден шыққан. Бұл түркілердің жауға да, жолға да сенімді серігін қадір тұтқан қасиетін білдіреді. Табылған үзеңгі тат басқанымен өз қалпын сақтап қалған. Бүгінгі көрмеден тамашалап отырғандарыңыз да сол жәдігер болып табылады», деді тарих ғылымдарының кандидаты, археолог Марат Тұяқбаев.

Сондай-ақ көрмеге қорық-музей қорында сақталған XIX ғасырға жататын таға мен қаусар және X ғасырдағы ат әбзелдері сынды 30-дан аса жәдігерлермен қатар, байырғы металлургия, аң стилі, алтын адам, түркіліктің түп-төркіні, Ұлы Жібек жолы торабы, қыр гүлі – қызғалдақ, алма жайлы суреттер де қойылып, тарихы таныстырылды.

«Ұлы даланың жеті қыры» көрмесі көпшілік назарына бір ай бойы ұсынылады.

ҚОЛТАҢБА

ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ ҚАРА НАРЫ

Ісмет Кеңесбаев алдымен ауылда мұсылманша хат танып, онан кейін Түркістан қаласындағы орта мектепте, 1922-1926 жылдары Ташкент қаласындағы Қазақ ағарту институтында оқиды. Ленинградтағы шығыстану институтының түркология бөлімшесіне ауысып, осы институтты 1931 жылы бітірді. Ісмет Кеңесбаевтың ғылыми тағдыр-бағытын айқындаған осы институтта білім алған жылдары болды. Мұнда ол А.Самойлович, В.Бартольд, С.Малов, И.Мещаницов, Л.Щерба тағы басқа профессорлардың дәрісін тыңдап, жалпы лингвистикалық, түркологиялық терең білім алды.

1961-1978 жылдары Тіл білімі институтының директоры, 1970-1976 жылдары Қазақ КСР Ғылым академиясының қоғамдық ғылымдар бөлімінің академик-хатшысы, 1985-1987 жылдары Қазақ КСР Ғылым академиясының төралқа мүшесі, 1988-1994 жылдары Ұлттық Ғылым академиясының төралқа кеңесшісі болды.

Ісмет Кеңесбаев – қазақ тілінің фонетикасы мен лексикологиясына, лексикографиясы мен этимологиясына, тіл тарихы мен туыс тілдердің бірбірімен қарым-қатынасына арналған көптеген іргелі еңбектің авторы. Қазақ тілінің фонетикасы мен фразеологиясының зерттелуі Ісмет Кеңесбаев есімімен байланысты. І.Кеңесбаевтың көп жылғы зерттеулерінің нәтижесінде 1977 жылы «Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі» жарық көрді. Ісмет Кеңесбаевтың басшылығымен 1959 және 1961 жылдары екі томдық «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі» және 1961 жылы «Қазақ тілінің орфографиялық сөздігі», 1978 және 1981 жылдары екі томдық «Орысша-қазақша сөздік» жарыққа шықты.

Академик Ісмет Кеңесбаев өзінің өмір жолындағы ғылым мен ұстаздықты қатар ұстаған ғалым.

150-ге жуық ғылыми еңбектің авторы, бірнеше ғылыми еңбектің редакторы Ісмет Кеңесбаевтың осындай жан-жақты ғылыми-педагогикалық, қоғамдық қызметін үкіметіміз жоғары бағалап, Ленин орденімен, «Қызыл Жұлдыз», «Еңбек Қызыл Ту» ордендерімен марапаттады. 1978 жылы Қазақ КСР Мемлекеттік сыйлығын алды. І.Кеңесбаев «Қазақ кеңестік социалистік республикасының еңбек сіңірген қайраткері» атағын алған алғашқы ғалымдардың бірі. Ісмет Кеңесбаев 1995 жылы 16 қаңтарда 88 жасында Алматы қаласында дүниеден өтті.

Ісмет Кеңесбаев есімін есте қалдыру мақсатында Алматы қаласының «Таусамалы» шағын ауданында көшеге және Оңтүстік Қазақстан облысындағы Таукент қазақ орта мектебіне есімі берілді.

Дайындаған
Жанат МАЙЛЫБАЕВА



ШЕЖІРЕ-ТАРИХ

ТАЗАЛЫҚ ҚҰРАЛЫ ШЫЛАПШЫН

Қазақ жерінде металлургия ісінің сонау ежелгі дәуірлерден бастау алатындығын ата-бабаларымыз өзінің өмір сүрген ортасындағы заттарды кәдесіне асырып, күнделікті тұрмысында қолданғандығын-ақ аңғаруға болады. Әсіресе Оңтүстік өңірде Қаратау қойнауында ежелден келе жатқан кен көздері көп болды және оны ел көне заманнан өз игілігіне қолданды. Түркістан аумағындағы көне кен көздері игеріліп, алынған кеннен қорғасын, күміс, темір балқытылды.

Яғни адамзат өркениетінің дамуында металды игеру жетекші, тіпті шешуші рөл атқарғандығы көрсетіледі. XIX ғасырдың соңына дейін темір өңдеушілерді өзара зергер, қолашы-ұста деп атады. Әсіресе XIX ғасырда бұл ұсталық өнер ерекше дамыды соның арқасында Ұстаның қолынан төс, көрік, әртүрлі балғалар, тістеуіш, қысқыш, егеу, қалып, үлкен балта, т.б. темір бұйымдар шықты. Олар сиырдың, ешкінің терісінен көрік жасап, ал қалыпты ұсақ құмға бидай ұнын қосып жасады. Бұл өнер орталық Шығыс және Оңтүстік Қазақстанда яғни шикізат көзі көп жерлерде жақсы дамыды. Кен орындарында көбіне жерге шұңқырлар қазылып ошақтар жасалды. Бірінші, ошақтағы қызған көмір үстіне суық көмір төгіп, оның үстіне темір шикізат салынатын болған. Содан соң, желқуар арқылы ауа беріледі. Еріген шойынды ыстыққа шыдамды, төзімді болу үшін, арнайы балшық жағылған темір шөмішпен алып, дайындалған қалыптарға құяды. Содан соң суыған дайын затты қалыптан алып егеумен тегістейді. Ұста-темірші шойын құюмен айналысумен қатар, оқ-қару, шаруашылық және тұрмыстық бұйымдар жасап шығарды.

Ауқатты адамдар сусын ішуге, азық-түлік тасуға, сақтауға арналған ыдыстарды күміспен немесе алтынмен өрнектеген. Бұл бұйымдар өзіне тән әшекейлі пішімдерімен дастарқанға көрік берген. Сусын ішетін күміс және алтын ыдыстар сонау сақ мәдениетінен келеді. Оған Есік қорғанынан табылған алтынмен зерленген қола ыдыс және күміс қасық пен табақты айтуға болады. Бұл турасында К.Акишовтың «Курган Иссик» еңбегінен кездестіреміз.

«Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-музейі қорында мыс, қола ыдыстар топтамасындағы заттар құман, шелек, шәйнек, леген, мыс көзе, саптыаяқ, шылапшындар, самаурындар көптеп кездеседі. Сонын бірі тұрмыста ертеден қолданыста келе жатқан бұл тазалық құралы болып есептелетін шылапшын.

Шылапшын – металдан жасалынған ыдыс. Кейде леген, жам деп те аталады. Сыйымдығы 3-8 литр. Ернеуі қайырылған, түбі тегіс. Оны кір жууға, қолға су құюға, тағы басқа мақсаттарға пайдаланады. Музей қорында шылапшындар саны – 17. Көптеген шылапшын ішінде біз атап өткелі отырған шылапшын мыс, төменгі жағы сәл цилиндр іспеттес болып көтеріліп келіп ернеуіне қарай кеңейіп шалқая түскен. Музей қорында сақтаулы тұрған шылапшындар XIX-XX ғасырларға тән. Барлығы мыс, металдан жасалған.

Халық арасында шылапшынның «леген», «жам», «кірлен», «шылаушын», «тағара» деген атаулары да кездеседі. Шылапшын сөзінің шығу төркіні А.Нұрмағамбетованың айтуынша шылапшын сөзі шылап шағатай тілінде: «су және лас» дегеннен шығады. Яғни кір су, лас су. Осыдан келіп кір жуатын ыдыс болып шығады. Сонда шылап – үшін «лас, кір су үшін» деген сөздерден құралады.

Енді шылапшындардың басқаша атауларына да тоқтала кетсек. Дәшшой – шылапшынның бір түрі, дас – зат. Диал, леген, шылапшынның бір түрі. Жам – зат. Диал – кір жуатын ыдыс, леген, шылапшын, кірлен. Мыстан яки темірден істелген, ыңғайлы жеңіл шылапшын, леген, кірші – зат. диал. кір жуатын ыдыс, шылапшын, леген – қол жуатын жеңіл шылапшын, дағара – темірден, мыстан жасалған үлкен ыдыс, шара, леген, шылапшын. Леген деп түріктерде, албандарда айтылады, ал орыс, беларусь, украйн тілдерінде тазик деп айтылады. Енді тазик сөзінің түбіріне үңілсек Таз түрік тілі, түрік тас – «тостаған» – кең және таяз, дөңгелек немесе сопақ ыдыс, ванна, көбірек кір киімдер жууға арналған. Түрік тілінде таз, таш деп ертеректен қолданыста болған. Әдетте қырым татарлары да tas «чаша, таз» деп атаған. В.Радловтың кітабынан толық беретін болсақ «таз, м. широкий и неглубокий сосуд (для умывания, стирки, кварки варенья и т. п.). Ср.-рус. тазъ металлический круглый открытый сосуд, тазик, тазовый; «Обычно считают источникам тур., крым. тат. tas чаша, таз... которое производится из ар., откуда и ит. tazza, франц. tasse, нем. Tasse чашка» . «В Codex Cumanicus тас. Тур., аз., крым.-тат. тас...» Радлов тас (тур., крым., тюм., таб.) 1. (тур., крым.) чаша, чашка, шайка, миска; 2. (казан.) большой таз для омовения; таз (казан, из рус.) таз.» Сонымен тазик сөзінің түбірі түрік тілінен алынған болып шығады. (Словарь русских народных говоров, 2008, 161, 168, 174,).

Дағара, тағара – темірден, мыстан, жезден жасалған үлкен ыдыс түрі. Жергілікті жерлерде бұл ыдысты шара, леген, шылапшын деп әртүрлі нұсқада айтады. Дағараны кір жууға, қол жууға, малға жем жібітуге, азық-түлікті қолмен тасымалдауға пайдалана береді. Өзбек халқы тоғара деп айтылып бүгінгі күнге дейін қолданып келеді.

Кішкентай шылапшындар - мыстан жасалған, қырыну үшін қолданылғандары да кездеседі; бұрынырақта байлар күмістен жасалған қырынатын тостақтарды ұнатқан.

Сондай-ақ тұрмысы орташа адамдар мыстан жасап, күміспен зерленген ыдыстарды да пайдаланған. Ел арасында осы секілді күміс жалатылған немесе қосылған ыдыстарды «күміс ыдыс» деп атаған. Мысалы, күміс шелек, күміс құман секілді.

Қазақ халқының металдан жасалған бұйымдары Орталық Азиялық бұйымдарға ұқсас болып келеді. Өйткені өзбек, тәжік, қазақ шеберлерінің жасайтын бұйымдарының пішіндері түрлері бірдей. Сырттарындағы өрнектер де ұқсас, өйткені темір бұйымдарды Бұхарада, Самархандқа негізінен өзбек, тәжік, Иран шеберлері жасап шығарды. Қазақтың қас шеберлерінің жасаған металл бұйымдары өзіндіктерімен ерекшеленеді. Мысалы, Орталық Азия шеберлерінің жасаған бұйымдары ою-өрнектерге өте бай болып келсе, ал қазақ шеберлері көбіне ондай ою-өрнекті аз қолданған. Алайда біз атап отырған шылапшындарда ою-өрнек салына бермейді. Шылапшындарды киім жуумен қатар, көбіне көп дәрет алу және жуыну үшін пайдаланған.

Металды көркемдік өңдеудің әртүрлі техникалық әдістері: соғу, құю, басу, қалыптау, оюлау, қара жүргізу, эмальмен әсемдеу, заттың жиегіне айнала өрнектеу, зерлеу, темірге күміс қақту, алтын жалату қолданылған. Ал бізде қорда сақталып тұрған шылапшындарда ою-өрнек жоқ, қарапайым түрде жасалған.

Темірші, ұсталарды ел ішінде ерекше қадірлеп, олардың тұтынатын төс, көрік, балға, қысқыш, т.с.с. саймандарын қасиетті деп санаған.

XVIII-XX ғг. басында Орта Азиядағы қолөнер кәсіпшілігінің ішінде металл бұйымдарын жасау елеулі орын алды. Металл бұйымдарын өңдеу 19 салаға бөлінген. Қола, шойын құю, мысгерлер, зергерлер секілді металл бұйымдарын өңдеген, дайындаған орталықтар болды. Мысгер ұсталар қызыл, сары мыс материалдардан көрік, төс, балға, әртүрлі құралдарды қолдана отырып көркем бұйымдар жасады.

Айта кету керек шылапшындарды таза мыстан жасамаған. Мыстың құрамына басқа да металдар қоспасын қосып отырған. Себебі таза мыс майысқақ келеді. Сонымен қатар шылапшындар металлдан ғана емес ағаштан да жасалатын болған. Қазақ жерінде де ұсталық қолөнер жақсы дамыды. Өте жақсы дамыған. Өткен ғасырда өмір сүрген қазақ ұсталары мен зергерлерінің мұраларын бүгінгі ұрпаққа насихаттау, музей қорында сақталған жәдігерлерді ел назарына ұсыну халқымыздың қолынан шыққан осы бір өнер туындыларын сан алуан қыры мен, жасалу шеберлігімен, құндылығымен қазақ халқының ұлттық байлығын, ұсталық, зергерлік кәсіптің бірегей, ерекше дәстүрін әлемге паш ету ұрпақ борышы. Музей қорында металдан жасалған жәдігерлеріміз жетерлік.

Байсейіт СҰЛТАН,
Динара АРЫНОВА,
«Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-музейінің ғылыми қызметкерлері

ҚҰРЫЛТАЙШЫ

«Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-мұражайы

Бас редактор
Әбдікерім МАНАПОВ

Жауапты хатшы
Талғат ОРАЗОВ

Беттеуші-дизайнер
Алмас КЕРІМ

Фототілшілер
Алдияр ТІЛЕУБАЕВ, Сұлтан БАЙСЕЙІТ

Редакцияның мекенжайы:
Түркістан қаласы,
Әйтеке би,
1 «Б» үй
e-mail:
azret-sultan@mail.ru

Байланыс:
8 (72533) 3-23-00

Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникациялар министрлігінде 2016 жылғы 21 қыркүйекте тіркеліп, №16154-Г куәлігі берілген

Газет айына 1 рет шығады

Индекс 161200

■ Газетке жарияланған материалдарды көшіріп басқан жағдайда сілтеме жасалу міндетті.

■ Автордың мақаласы мен жарнама мазмұнына редакция жауап бермейді.

■ Қолжазбалар өңделеді және кері қайтарылмайды.

ТАРАЛЫМЫ – 1000 ДАНА

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді.

«ERNUR-print» ЖШС-нің баспаханасында басылды.
Шымкент қаласы,
Т.Әлімқұлов көшесі,
22 үй.

Кезекші редактор
Сәкен ШӘМЕТОВ

Тапсырыс № 1253